

**МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ
КӘСІПОРЫНЫ №9 «ШАПАҒАТ» БӨБЕКЖАЙ-
БАҚШАСЫНЫҢ 2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ
ӨЗІН-ӨЗІ АТТЕСТАТТАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫ

**Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны
№9 «Шапағат» бөбекжай-бақшасы**

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мәртөк ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№9 «Шапағат» бөбекжай- бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының 5 қыркүйек 2022 жылдың №23 бұрығына сәйкес 2022 жылдың қыркүйек айының 6 -нан бастап қыркүйек айының 16-сы аралығында өзін-өзі аттестаттаудан өтті. Өзін-өзі аттестаттау комиссиясының құрамы:

А.З.Айтжанова - меңгеруші: Аттестаттау комиссиясының жұмысына басшылық, комиссия мүшелеріне кеңес беру, пед кеңес өткізіп, жұмысын қорытындылау – комиссия төрайымы.

Н.С.Зулкакова - әдіскер: Әдістемелік жұмыс құжаттарын мамандардың, тәрбиешілердің жұмыстарын қарау. «Балдырған» ортаңғы тобының оқу-тәрбие жұмысының мазмұны мен әдістерін зерттеу.

Бирмагамбетова У.А.- тәрбиеші: Кадрларды іріктеу және орналастыру іс жүргізу, педагогтардың біліктілігін көтеру жағдайын зерттеу. «Балбөбек» ересек тобының оқу-тәрбие жұмысының мазмұны мен әдістерін зерттеу.

А.Р.Умарова - медбике: Материалдық техникалық, медициналық әлеуметтік жағдай жасалуы. Медициналық қызмет көрсетуді зерттеу.

М.Т.Бастанова - тәрбиеші: «Балапан» кіші тобының, оқу-тәрбие жұмыстарының мазмұны мен әдістерін зерттеу .

Э.О.Кужирова- тәрбиеші: «Солнышко» ортаңғы және ересек тобының оқу- тәрбие жұмыстарының мазмұны мен әдістерін зерттеу .

№9 «Шапағат» мектепке дейінгі ұйымының МКҚК өзін – өзі аттестаттау қорытындысының анықтамасы

5.1 Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Өзін – өзі аттестаттаудың мақсаты: ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талабына сай жүзеге асырылуын анықтау.

1) «Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы куәлік (білім беру ұйымдарының толық атауы, құрылған жылы, заңды мекен-жайы, электрондық адресі, телефоны, факсі);

№9 «Шапағат» бөбекжай - бақшасы» мемлекеттік мекемесі 2009 жылдың 18 қыркүйек айында Мәртөк ауданының Әділет басқармасында заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуден өткен: «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалының Мәртөк аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімі Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы бар. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықтама заңды тұлғаның қайта тіркеуден өткенін растайтын құжат болып табылады. Қайта тіркеуден: 2021 жылы 18 қаңтар айында өткен. Білім беру ұйымының толық атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Мәртөк ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№9 «Шапағат» бөбекжай- бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны. Құрылған жылы: 2009 жылы. Заңды мекен-жайы, электрондық адресі, телефоны, факсі: Индексі 030604, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы, Жайсаң селосы, Болашақ көшесі-31 үй, факс телефон 8(71331) 28-8-83, электрондық почтасы: Shapagat_9@mail.ru

2) Құрылтайшылар келісімі, білім беру ұйымының жарғысы;

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы №469 қаулысымен бекітілген Жарғысы негізінде жұмыс жасайды.

3) Қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарламасы бар. Хабарлама №KZ43RVK00030462 . Берілген күні: 29.01.2021 г.

Лицензия нөмірі № 0156267 серия АБ. Берілген күні 12.05.2010 жыл

4) Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін жекеменшік немесе шаруашылықты жүргізетін құқығын немесе жылжымайтын

мүлікті жедел/сенімді басқару құқығын растайтын материалдық және материалдық емес активтер;

Бөбекжай- бақшаға 18.08.2014 ж. жылжымайтын мүлік объектісіне техникалық төлқұжат (н-2) берілген.

ҚР Әділет министрлігі Ақтөбе облысы әділет департаментінің Мәртөк ауданы әділет басқармасы 08.05.2013 ж. меншік иесі туралы мәлімет берген. Кадастр нөмірі: 02:029:030:512 ; 02:029:030:512:1)

5) Медициналық қызмет көрсету және тамақтандыру пунктерімен қамтамасыз етілуін растайтын құжаттар;

Медициналық кабинет екі бөлмеден тұрады. Медицина кабинетінің аумағы – 3,1 ш.м., оқшаулау бөлмесінің аумағы -9.4 ш.м. Медициналық кабинетінде: мұздатқыш-1, дәрі-дәрмекке арналған әйнекті шкаф-1, үстел жастықты тақтай төсек (кушетка)-1, қол жуғыш (раковина)-1, үстел - 1, 1-орындық құралдарымен жабдықталған.

Оқшаулау бөлмесі: Жер таразысы-1, бой өлшеуіш – 1, қабырға шкаф (стенка)-1, қол жуғыш (раковина)-1, үстел жастықты тақтай төсек (кушетка) -1, үстел - 1, орындық – 1 құралдарымен жабдықталған.

Кабинеттің медициналық лицензиясы бар. «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ 2011 жылғы 12 қазанда медициналық қызметпен айналысуға берілген №10425DD серия АҚ .

Бөбекжай- бақшасында медициналық қызметін штаттық кестеге сәйкес 1-медбике атқарады.

Медбике: Умарова Агайша Ракомбердыевна 10.11.1964 жылы туылған, ұлты-қазақ. Умарова Агайша Ракомбердыевнада 09.12.2020 ж. алынған тиісті біліктілік санаты берілген маман сертификаты бар. Сертификат жарамдылығы: 09.12.2025 ж. Бөбекжай-бақшасында 1- бірлік медбике қызметін атқарады.

Білімі:

Білімі	Оқу орыны	Оқу жылдары	Мамандығы	дипломның №
орта арнаулы	Орынбор медициналық училищесі	1982-1985	«Медбике»	ЗТ-№059753

Еңбек өтілі:

Жалпы еңбек өтілі	мамандығы бойынша	Осы мекемеде
36 жыл	31 жыл	11 жыл

Біліктілігін көтеру туралы мәлімет:

Курс тақырыбы	Мекеме	Мерзімі	Куәлік №
Жалпы медбике технолоиясы	«Үздіксіз» кәсіби даму орталығы «ACCREDO-MED» ЖШС	19.05.2021 ж.	№1189

2021-2022 оқу жылындағы жетістіктеріне марапаттары жоқ.

б) Бөбекжай- бақшаның 2021-2022 оқу жылының оқу-жұмыс жоспарлары, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестелері ұсынылды;

2021-2022 оқу жылының оқу-тәрбие үрдісі Қазақстан Республикасы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (БҒМ 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 Бұйрығы.) "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қ Р Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен бекітілген негізінде жүзеге асырылады.

2021-2022 оқу жылында вариативтік компонент бойынша алынған ұйымдастырылған оқу қызметтері Мәртөк аудандық білім бөлімі сараптау комиссиясының отырысында мақұлданып, Мәртөк аудандық білім бөлімінің 02.09.2019 жылғы №1 хаттамасының шешімімен, №642 бұйрығымен бекітілген ортаңғы топтың «Ойна да ойла!», ересек топтың «Табиғат сырын ашамыз» және орыс ересек тобының «Развивайка» және «Волшебная графика», сонымен қатар 28.08.2020 жылы №3 хаттамасының шешімімен, №275 бұйрығымен бекітілген ересек топтың «Сақ болайық!» және орыс ортаңғы тобына арналған «Маленькие фантазеры» вариативтік компоненттері жалғастырылатын болып шешілді. Бағдарламалар балаларды жан-жақты дамыту, денсаулығын нығайту, қорғау мақсатында кірістірілген. Мектепке дейінгі ұйымның оқу жұмыс жоспарындағы, апталық жүктемедегі шектеулеулер мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді.

7) Педагогтар мен қызметкерлердің штаттық кестесі мен лауазымдық нұсқаулықтары;

Әкімшілік қызметкерлер құрамы: меңгеруші -1,0; есепші-0,5; шаруашылық меңгерушісі-1,0; **көмекші оқыту қызметкерлер құрамы:** әдіскер-0,5; психолог-0,5; логопед-1,0; музыка жетекшісі-1,0; медбике-1,0; тәрбиешілер-9,0; қазақ тілі мұғалімі-0,25; орыс тілі мұғалімі-0,25; тәрбиеші көмекшілері-4,9. Педагогтарда музыка жетекшісі маманына ваканция , ал қызметкерлерге ваканция жоқ, толық қамтылған.

Лауазымдық нұсқаулықтар барлық қызметкерлермен жүргізілген.

8) Оқу үрдісін ұйымдастыру жөніндегі ішкі басқару құжаттары, ережелер, регламенттер;

Мектепке дейінгі ұйымның тәрбие мен оқу үрдісі бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының ішкі әкімдік құжаттарын, режимін, қызметін реттейтін ережелер заңдарға, ҚР Білім және Ғылым министрлігінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы негізінде «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» мен 2016 жылдың 22 маусымдағы №391 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес ұйымдастырылған.

9) Педагогикалық кеңестің, оқу – әдістемелік кеңестің, педагогикалық сағаттың жұмыс жоспарлары мен мәжілістерінің хаттамалары, басқа да құрылымдық жоспарлаушы құжаттамалар;

2021-2022 оқу жылының педагогикалық, әдістемелік кеңес, педагогикалық сағаттар отырысында педагогикалық ұжым Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 тамыздағы №292 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыру және ҚР Білім және ғылым министрлігі №391 22.06.16 ж. бұйырығының №1 қосымшасы 1 жастан 6 (7) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары, ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» бұйрығымен таныстырылған және талқыланған.

8) Білім беру ұйымы тәрбиеленушілерінің контингенті туралы 2021-2022 оқу жылындағы тәрбиеленушілердің жалпы саны және мәліметтер;

Балалардың жас ерекшелігі:

Оқу жылдар	Бала саны	2-3 жас	3-4 жас	4-5 жас	3-5 жас
2021-2022 ж	95	20	25	25	25

Жалпы тәрбиеленушілер туралы мәлімет 2021-2022 оқу жылы:

№	Оқу жылдары	Топтың атауы және ондағы балалар саны			
		«Балапан» кіші қазақ тобы	«Балдырған» ортаңғы қазақ тобы	«Балбөбек» ересек қазақ тобы	«Солнышко» ортаңғы және ересек орыс тобы
1	2021-2022	20	25	25	25
Бала саны: 95					

2021-2022 оқу жылында барлық тәрбиеленушілердің саны-95

«МКҚМ №9 «Шапағат» мектепке дейінгі ұйымында 4 топ жұмыс жасайды, оқу- тәрбие жұмысы 3 топ мемлекеттік тілінде , ал 1 топ орыс тілінде жүргізіледі:

№	Топ аты	Оқыту- тәрбиелеу тілі
1	«Балапан» кіші топ	Қазақ тілі

2	«Балдырған» ортаңғы	Қазақ тілі
3	«Балбөбек» ересек	Қазақ тілі
4	«Солнышко» ортаңғы және ересек	Орыс тілі

9) Лицензиялық норматив бойынша топтардың жасақталуы (жоспардан аса жасақталу пайызы);

Бөбекжай- бақшасының жалпы аумағы: 1048,2 ш.м. Оның ішінде тәрбиеленушіге оқу процесінде пайлананатын аумағы (ойын, жатын, қабылдау.) – 429,2 ш.м.

№	Топтар\ бөлмелер	оқу бөлмесі\ойын бөлмесі (ш.м)	ұйқы бөлмесі (ш.м)	Тәрбиеленушілер саны	бір бала есебіндегі оқу аумағы (ш.м)
1	«Балапан» кіші тобы	41,4 ш.м.	24,0 ш.м.	20	2,8 ш.м.
2	«Балдырған» ортаңғы тобы	43,7 ш.м.	38,4 ш.м.	25	3,2 ш.м.
3	«Балбөбек» ересек тобы	49,0 ш.м.	48,1 ш.м.	25	3,8 ш.м.
4	«Солнышко» ортаңғы және ересек тобы	49,0 ш.м.	48,6 ш.м.	25	3,9 ш.м.

10) Тәрбиеленуші отбасының әлеуметтік статусы;

Балалардың ата-анасымен келісім -шарт мазмұны төмендегідей жасалған:

1. Мекеме міндетке алады;
2. Ата-аналар міндеті;
3. Мектепке дейінгі ұйым құқылы;
4. Ата-аналар құқылы;
5. Шарттың ерекшелігі;
6. Осы шарт екі жақ қол қойғаннан кейін іске асады.

2021-2022 оқу жылдарында балаларды қабылдауда ҚР Үкіметінің 31.08.2012 жылғы №1119 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі және орта білім беру саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» басшылыққа алынған.

11) Басқа да құжаттар;

Қабылдау келесідегі құжаттар: электрондық әкімдік жүйесінде құрылған жолдама , баланың денсаулық паспорты , баланың денсаулығы туралы анықтама, өтініш, сәйкестендіру үшін көрсетілетін қызметі алушының (ата-анасының бірінің немесе заңды өкілінің) жеке басын куәландыратын құжаты (түпнұсқа және көшірмесі) негізінде қабылданған. Балалардың құжаттары топтарға бөлініп, жинақталған.

5.2 Кадрлар құрамын талдау

1) Штаттық кестеге сәйкес білім беру ұйымының педагогтармен қамтамасыз етілуі, вакансияның бар екендігін көрсету;

2021-2022 оқу жылында мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметкерлерінің штаттық кестесін құруда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысы басшылыққа алынған. **Әкімшілік қызметкерлер құрамы:** меңгеруші -1,0; есепші-0,5; шаруашылық меңгерушісі-1,0; **көмекші оқыту қызметкерлер құрамы:** әдіскер-0,5; психолог-0,5; логопед-1,0; музыка жетекшісі-1,0; медбике-1,0; тәрбиешілер-9,0; қазақ тілі мұғалімі-0,25; орыс тілі мұғалімі-0,25; тәрбиеші көмекшілері-4,9. Педагогтарда музыка жетекшісі маманына ваканция болған, ал қызметкерлерге ваканция болмаған, толық қамтылған.

Лауазымдық нұсқаулықтар барлық қызметкерлермен жүргізілген.

Әкімшілік-басқару қызметкерлер құрамы

Меңгеруші –Айтжанова Алия Зарлыковна, 05.04.1974 жылы туылған, ұлты-қазақ. Білімі жоғары. С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті 2013 ж. Мамандығы: мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу. Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты маман, жалпы педагогикалық еңбек өтілі – 28 жыл, осы мекемеде -12 жыл.

2021-2022 жылға №9 «Шапағат» бөбекжай- бақшасы меңгерушісінің жетістіктері туралы мәлімет

Аты - жөні	Жетістіктер
Айтжанова Алия Зарлыковна	«Пони» Халықаралық байқауының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін сапалы дайындағаныңыз үшін Диплом -2021 -2022 оқу жылы.
	«Жас дарын» және «Өрлеу» порталдары ұйымдастыруымен Қазақтың ұлы ақыны Мұқағали Мақатаевтың 90-жылдығына орай ұйымдастырған іс шараларға белсенділік танытып, шәкірт бойына үздік идеялар мен шығармашылық шабыт дарытқаны үшін Республикалық «Өрлеу» Алғыс хат-2021 жыл.
	«Қамажай» I Республикалық Хореографиялық фестиваль байқауына қолдау көрсетіп, би өнері мен рухани байлығының негізін жас ұрпаққа насихаттауға қосқан үлесіңіз үшін «Жеті өнер» шығармашылық орталығы Алғыс хат-2021 жыл.
	«Дарынды жастың тірегі –білікті ұстаз» атты республикалық байқауына атсалысып қатысқаныңыз үшін сізге шығармашылық табыс тілей отырып, біздің ұжымымызбен тығыз қарым-қатынаста болады деген сеніммен Республикалық «Өрлеу» Алғыс хат-2021 жыл.

Шаруашылық жөніндегі меңгерушісі– Зорина Ирина Петровна, 03.12.1989 жылы туылған, ұлты-украин. Білімі: орта. Еңбек өтілі – 7 жыл 8 ай, осы балабақшада-еңбек өтілі – 1 жыл . Шаруашылық қызметті жүзеге

асыруға берілген сертификаты бар. Біліктілік куәлігі №28 12.10.2021 ж. алынған жарамды 12.12.2024 ж. «Өрт техникалық минимумы».

Штат бойынша 1 жүктемесі берілген. Бөбекжай- бақшасында шаруашылық бұйымдарын сақтайтын арнайы бөлме бар.

Бөбекжай- бақшасында штаттық кестеге сәйкес есепші қызметіне -0,5 бірлік берілген.

Медведева Арина Сергеевна 0,5- бірлік есепші қызметін атқарады. 29.09.1999 жылы туылған, ұлты-орыс.

Білімі- жоғарғы. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2020 жыл. Мамандығы: Қаржы. Жалпы еңбек өтілі -1 жыл 10 ай. Осы мекемеде – 11 ай жұмыс жасайды.

Барлық атқарушылардың жауапкершілік деңгейін қамтамасыз ететін әкімшілік мүшелерінің арасында қызметтік міндеттері белгіленген. Меңгерушінің нормативті құжаттарға арналған жинақ папкісі бар. Меңгерушіге қажетті барлық құжаттары талапқа сай. Бұйрықтар кітаптары сауатты жүргізілген. Мектепке дейінгі ұжымының материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында жоспар бойынша жұмыстар жүргізілген. Мектепке дейінгі ұжымда салауатты психологиялық жақсы қарым-қатынас қалыптастырылған.

Педагогикалық кадрлардың білім деңгейі:

Оқу жылдары	Барлық педагогтар	Мектепке дейінгі жоғары білім	Жоғары пед.білім	Мектепке дейінгі арнаулы орта білім	Арнаулы орта білім	Педагогикалық білімі жоқ
2021-2022	12	5-42%	3-25%	4-33%	0	0

2) Берілген пәндерге сәйкес базалық білімі бар тәрбиешілер мен педагогтардың саны;

Оқу жылдары	Педагогтар саны	Базалық білімі бар педагогтар	Пайыздық мөлшермен
2021-2022	12	12	100%

2021-2022 оқу жылындағы 12 тәрбиешінің 12-сінде берілетін пәндерге сәйкес базалық білімі бар және 100% құрайды.

№	Аты-жөні	Туған жылы	қызметі	Білімі	Бітірген оқу орны, жылы, мамандығы
1	Айтжанова Алия Зарлыковна	05.04.1974 ж.	меңгеруші тәрбиеші	жоғары	С.Бәйішев атындағы АУ, 2013 ж. Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
	Зулкакова Назерке	10.08.1975 ж.	әдіскер	жоғары	Батыс Қазақстан

2	Сагидулловна		тәрбие ші		инновациялық- технологиялық университет, 2020 ж. Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
3	Бастанова Майра Турааровна	18. 04.1974 ж.	тәрбие ші	арнаулы орта	Көпсалалы "Болашақ" колледжі, 2014 ж. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту
4	Кужирова Эльмира Орынбасаровна	04.12. 1978 ж.	тәрбие ші	жоғары	С.Бәйішев атындағы АУ , 2015 ж. Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
5	Бирмагамбетова Улбала Амангелдиевна	26.08.1985 ж.	тәрбие ші	жоғары	С.Бәйішев атындағы АУ , 2019 ж. Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
6	Гибнер Оксана Борисовна	01.01.1976 ж.	тәрбие ші	арнаулы орта	АПУ, 1997 ж. Мектепке дейінгі тәрбие
7	Тажибаева Нурия Мураткабуловна	05.05.1985 ж.	тәрбие ші	арнаулы орта	С.Бәйішев атындағы АУ колледжі, 2017 ж. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту.
8	Омарова Дина Самидуловна	15.08.1980 ж.	Тәрбие ші	жоғары	С.Бәйішев атындағы АУ , 2016 ж. Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
			орыс тілі мұғалі мі	жоғары	Қ.Жұбанов атындағы АМПИ, 2006 ж. Орыс тілі мен әдебиеті
9	Қыдырашева Агиля Сансызбаевна	08.09.1987 ж.	тәрбие ші	арнаулы орта	Жоғары көпсалалы "Болашақ" колледжі, 2020 ж. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту
10	Бектемирова Бакытгуль Балгереевна	27.08.1977 ж.	қазақ тілі мұғалі мі	жоғары	Қ.Жұбанов атындағы АМУ, 2004 ж. басқа ұлт мектептеріндегі қазақ тілі мен

					әдебиеті
11	Блинова Нургуль	17.10.1975 ж.	логопед	жоғары	Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, 2021 ж. Дефектология
12	Ярова Сағыныш Куандыковна	07.11.1983 ж.	психолог	жоғары	Орта -Азиялық университеті, 2004 ж. Педагог-психолог

3) Базалық білімі жоқ тәрбиешілер мен педагогтар саны:

Оқу жылдары	Педагогтар саны	Базалық білімі жоқ педагогтар	Пайыздық мөлшермен
2021-2022	12	0	0

2021 – 2022 оқу жылында –педагогтардың барлығында базалық білімі бар болғандықтан 100% пайызды құрайды.

4) Мемлекеттік тілде сабақ беретін (мемлекеттік тілде тәрбиелеу мен оқыту топтарында жұмыс жасайтын) тәрбиешілердің саны;

Бөбекжай- бақшасында мемлекеттік тілде тәрбиелеу мен оқыту топтарында жұмыс жасайтын тәрбиешілер саны - 6.

№	Аты-жөні	Туған жылы	қызметі	Білімі	Бітірген оқу орны, жылы, мамандығы
1	Бирмагамбетова Улбала Амангелдиевна	26.08.1985 ж.	тәрбиеші	жоғары	С.Бәйішев атындағы АУ , 2019 ж. Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
2	Бастанова Майра Тураровна	18. 04.1974 ж.	тәрбиеші	арнаулы орта	Көпсалалы "Болашақ" колледжі, 2014 ж. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту
3	Кужирова Эльмира Орынбасаровна	04.12. 1978 ж.	тәрбиеші	жоғары	С.Бәйішев атындағы АУ , 2015 ж. Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
4	Тажибаева Нурия Мураткабуловна	05.05.1985 ж.	тәрбиеші	арнаулы орта	С.Бәйішев атындағы АУ колледжі, 2017 ж. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту.
5	Қыдырашева Агиля	08.09.1987 ж.	тәрбиеші	арнаулы орта	Жоғары көпсалалы "Болашақ" колледжі,

	Сансызбаевна				2020 ж. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту
6	Зулкакова Назерке Сагидулловна	10.08.1975 ж.	тәрбиеші	жоғары	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университет, 2020 ж. Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу

5) Жас құрамы бойынша;

Оқу жылдары	Педагогтар саны	19-30 жас	30-40 жас	40-50 Жас	50-60 жас	60 жастан жоғары
2021-2022	12	0	4-33%	8-67%	0	0

2021-2022 о.ж. педагогтардың орташа жасы – **40-50**.

Еңбек өтілі бойынша:

Оқу жылдары	Педагогтар саны	1 жылға дейін	1-5 жылға дейін	5-10 жылға дейін	10-20 жылға дейін	20 жылдан жоғары
2021-2022	12	2-17%	1-8%	3-25%	4-33%	2-17%

6) Кадрлардың жаңалануы, өсу перспективасы.

2021-2022 оқу жылында жұмыстан кеткен педагог - 2

- 1) Ташпаганбетова Динара Нурбулатовна-тәрбиеші(тұрғылықты жеріне)
- 2) Саймова Дина Қанатқызы-логопед (тұрмысқа шығып кетуіне байланысты).

2021-2022 оқу жылында кадрлардың жаңалануы:

- 1) Кыдырашева Агиля Сансызбаевна –тәрбиеші - Жоғары көпсалалы "Болашақ" колледжі, 2020 ж. мамандығы- мектепке дейінгі тәрбие және оқыту.
- 2) Блинова Нургуль Тулегеновна -логопед- Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, 2021 ж. мамандығы- дефектология
- 3) Ярова Сағыныш Куандыковна- Орта-Азиялық университеті,2004 ж. мамандығы-педагог-психолог.

7) Біліктілік категориясы бойынша педагогтар құрамы;

Оқу жылдары	Педагогтар саны	Жоғары	Бірінші	Екінші	Санаты жоқ	Педагог сарапшы-
2021-2022	12	0	4-33%	0	5-42%	3-25%

8) 2021-2022 оқу жылында біліктілік категориясын арттырған педагогтардың үлесі;

2021-2022 оқу жылында біліктілік санатын алған педагогтар:

№	Аты-жөні, тегі	Қызметі	Педагог-сарапшы біліктілік санаты берілген уақыты, бұйрығы
Педагог-сарапшы біліктілік санаты			
1	Кужирова Эльмира Орынбасаровна	тәрбиеші	17.08.2021 ж. №202
2	Бирмагамбетова Улбала Амангелдиевна	тәрбиеші	17.08.2021 ж. №202
3	Зулкакова Назерке Сагидуллоевна	тәрбиеші	17.08.2021 ж. №202

2021-2022 оқу жылында біліктілік санаты төмендетілген педагогтар:

№	Аты-жөні, тегі	Қызметі	Санаты төмендетілген уақыты, бұйрығы
Педагог біліктілік санаты			
1	Бастанова Майра Тураровна	тәрбиеші	01.09.2021 ж. №13

10) Марапатталған, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы бар педагогтардың үлесі:

жылдар	Бөбекжай-бақша ішілік	Село округтік	Аудандық	Облыстық	Республикалық
2021-2022	0	0	3	1	2

Педагогтардың марапатталуы 2021-2022 оқу жылы 7 болып 58% құрады .

2021-2022 оқу жылындағы жетістіктер туралы мәлімет

Аты - жөні	Жетістіктер
Бастанова Майра Тураровна	Алғыс хат. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Мәртөк ауданының білім бөлімі» ММ.
Кужирова Эльмира Орынбасаровна	Алғыс хат. «Ақтөбе облысының білім басқармасы»ММ.
Бирмагамбетова Улбала Амангелдиевна	Алғыс хат. Мәртөк ауданының әкімдігі.
Тажибаева Нурия Мураткабуловна	Алғыс хат. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Мәртөк ауданының білім бөлімі» ММ. және кісіподақ ұйымы.
Кыдырашева	Алғыс хат. Республикалық «Өрлеу» ПШДО Нұр-Сұлтан Қаласы .

Агиля Сансызбаевна	
Тажибаева Нурия Мураткабуловна	Құрмет грамотасы. Республикалық «Өрлеу» ПШДО Нұр-Сұлтан Қаласы .

11) Педагогикалық кадрларды қайта даярлау жоспарының барлығы және орындалуы;

Бөбекжай-бақшасында бақшасында 2021-2022 оқу жылына арналған педагогикалық кадрларды қайта даярлау курсынан өтілді.

Оқу жылдары	Педагогтар саны	Базалық	ПШО	Қосымша
2021-2022	12	2	3	2

№	Аты-жөні, тегі	Курс атауы	Өткен уақыты	Қайдан өткен	Базалық немесе қосымша
2021-2022 оқу жылы					
1	Айтжанова Алия Зарлыковна	Мектепке дейінгі ұйымды басқарудың тиімді менеджменті	02.07.2021 ж.	Назарбаев зияткерлік мектептері ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығы	базалық
2	Қыдырашева Агиля Сансызбаевна	Мектепке дейінгі ұйымның сапасын бағалау негізінде заттық-кеңестіктік дамытушы ортасын жобалау	04.10.2021 ж.	ҚР білім және Ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы	базалық
3	Зулкакова Назерке Сагидулловна	Мектепке дейінгі ұйымның сапасын бағалау негізінде заттық-кеңестіктік дамытушы ортасын жобалау	18.10.2021 ж.	ҚР білім және Ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы	базалық
4	Кужирова Эльмира Орынбасаровна	Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы	14.06.2021 ж.	Педагогикалық шеберлік орталығының Ақтөбе қ. филиалы	базалық
5	Бирмагамбетова Улбала Амангелдиевна	Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру	14.06.2021 ж.	Педагогикалық шеберлік орталығының	Базалық

		білім беру бағдарламасы		Ақтөбе қ. филиалы	
6	Кыдырашева Агиля Сансызбаевна	«Елімнің бақытын тербеткен тәуелсіздік»	2021 жыл	ҚР білім және Ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы	қосымша
7	Зулкакова Назерке Сагидуловна	Мектеп алды және мектепке дейінгі білім, тәрбие беру мекемелерінде, «Жеті ойыншық» авторлық жобасы бойынша дайындалған жетілдірілген ұлттық ойыншықтарды қолдану арқылы баланы жан-жақты дамытуға қажетті соңғы үлгідегі көрнекі және ойын құралдарымен жабдықталған «Рухани жаңғыру бала шақтан» дамыту бөлмелеріндегі ойын және тәрбие құралдарын, заманауи инновациялық әдістер мен материалдарды бала тәрбиесінде оңтайлы пайдалану және қауіпсіздік шараларын сақтау»	16.10.2021 ж.		қосымша

5) Белгіленген тәртіппен бекітілген авторлық, эксперименттік, коррекцияланған және интеграцияланған бағдарламалар;
Қалалық, облыстық, республикалық сараптау комиссиясымен бекітілген бейімделген бағдарламалар, әдістемелік құралдар, нұсқаулық, ОӘК

р/с	Облыстық деңгейдегі әдістемелік құралдар	Авторы
1	2021 ж.-«Халық ауыз әдебиеті арқылы балалардың тілін дамыту»-әдістемелік құрал. Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы.	Кужирова Э.О.

б) Тәрбиеленушілерді психологиялық және коррекциялық қолдауды қамтамасыз ету (психологиялық қызметтің, логопунктың бар болуы; оның мақсаты және жұмыс істеу әдісі, балаларға, ата-аналарға және педагогтарға психологиялық және коррекциялық көмек беру мәселелерін шешу);

№9 «Шапағат» бөбекжай- бақшасында логопункт Мәртөк аудандық білім бөлімінің 2011 жылғы 15 қарашадағы №273 бұйрығымен ашылды.

2021-жылдан бастап Блинова Нургуль Тулегеновна жұмыс жасайды.

Білімі

Білімі	Оқу орыны	Оқу жылы	Мамандығы
Жоғары	Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті.	2021 ж.	«Дефектология»

Еңбек өтілі

Жалпы еңбек өтілі	Педагогикалық өтілі	Осы мекемеде	Лауазымы
1 жылға дейін	1 жылға дейін	1 жылға дейін	1 жылға дейін

Біліктілігін көтеру туралы мәлімет

Курс тақырыбы	Мекеме	Мерзімі	Сертификат №
«Логопедиялық тәжірибедегі инновациялық технологиялар. Логопедиялық массаж»	ҚР.Педагогтар мен психологтар академиясы.Нұр-Сұлтан қ.	28.01.2022 ж.	№448
«Дефектолог –мұғалім мен логопед-мұғалімнің балалармен жұмыс жасауда жеке сараланған тәсілдерді қолдануы» семинар-тренинг	ҚР Нұр-Сұлтан қаласы «AGZHAN» ғылыми-білім беру орталығы	22.02.2022 ж	

Логопедтің жылдық жұмыс жоспары мен жұмыс жасау күн тәртібі құрылып бекітілген. Оқу жылының басынан бастап балаларды бақылайды, ата-аналармен кеңес жүргізеді. Қазіргі таңда логопункте 13 тәрбиеленуші бар. Логопед өзінің алдына қойған мақсат –міндеттерімен жұмыс жасап, жүзеге асыруда. Сонымен қатар балалардың сөйлеу қабілетін дамыту, тіл мүкістігін қалыпқа келтіру және кекештеніп сөйлеуін жою мақсатына қосымша ретінде ата-аналарға тапсырма беріп отырады. Жыл бойына ата-аналармен «Как определить отклонения в речевом развитии ребенка» жеке жұмыс, «Как минуты общения с ребенком сделать интересными и полезными» практикум, «Наши пальчиков играют» игротека, «Фефекты фикции» кеңес және тәрбиешілермен «Использование дыхательной гимнастики» мастер-класс, «Создание предметно-развивающей среды в группе, направленной на речевое развитие детей», «Игра-развиваем речь» мастер-класс және т.б.жұмыстар жүргізілді.

№9 «Шапағат» бөбекжай - бақшасының психологы Ярова Сағыныш Куандықовна.

Білімі

Білімі	Оқу орыны	Оқу жылы	Мамандығы
Жоғары	Орта -Азиялық университеті	2004ж.	Педагог- психолог

Еңбек өтілі

Жалпы еңбек өтілі	Педагогикалық өтілі	Осы мекемеде	Лауазымы
9 жыл	9 жыл	Бір жылға дейін	11 ай

Біліктілігін көтеру туралы мәлімет

Курс тақырыбы	Мекеме	Мерзімі	Сертификат №
Білім мазмұнын жаңарту жағдайында білім беру ұйымдарының педагогикалық менеджменті	ҚР білім және Ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы	2020 ж.	№0375933

Белгіленген тәртіппен бекітілген авторлық, эксперименттік, коррекцияланған және интеграцияланған бағдарламалар;

Қалалық, облыстық, республикалық сараптау комиссиясымен бекітілген бейімделген бағдарламалар, әдістемелік құралдар, нұсқаулық, ОӘК

р/с	Облыстық деңгейдегі әдістемелік құралдар	Авторы
1	2021 ж.-«Ерте жастағы балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту жолдары»-әдістемелік құрал. Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы.	Ярова С.К.
2		

Психологиялық қызметі балалардың психологиялық денсаулығын сақтау және нығайту, мектеп жасына дейінгі балалардың үйлесімді дамуына психологиялық, педагогикалық тұрғыда қолайлы жағдай жасау мақсатында жүзеге асырылған және психодиагностикалық, алдын алу, дамыту және жетілдіру жұмыстары, психологиялық кеңестер негізінде бағытталған.

Маман алдымен балалардың мінез-құлықтарын анықтау үшін ұйымдастырылған оқу әрекеттеріне қатысып, өзіне жазып алып жеке жұмыстарын жүргізді. «Баланың балабақшаға бейімделуі» атты пікірталас семинар өткізді. «Бала біздің болашағымыз» атты ата-аналарға баяндама оқып, жиналыс жүргізді және соңында тренинг ойындарымен аяқтады. Сонымен қатар «Ата-ана және бала арасындағы қарым – қатынас туралы дөңгелек үстел өткізді.

7) Оқу-әдістемелік және әдеби кітаптармен қамтамасыз ету;
Оқу-әдістемелік, әдеби кітаптармен қамтылуы туралы кесте

Оқу жылы	Жалпы кітап қорына бөлінген қаражат	Оның ішінде:		
		әдістемелік әдебиеттер	Балаларға арналған үлестірмелі материалдар	Қосымша басылымдар
2021-2022	0	0	0	0

2021-2022 оқу жылында педагогтардың өз тарапынан жазылған басылым кестесі

Жылдары	Газеттер саны	Журналдар саны
2021-2022 оқу жылы	12	1

8) Мектепке дейінгі білім берудің жаңа түрлерін ұйымдастыру және бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету бойынша практикалық материалдармен қамтамасыз ету;

Бөбекжай- бақша білім берудің жаңа түрлерін ұйымдастыру және бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету бағытында практикалық материалдармен қамтамасыз етілген. Атап айтсақ, бөбекжай- бақшасы педагогтары білім берудің жаңа түрлері бойынша және өз кәсіби шеберліктерін жетілдірумен қатар, іс-тәжірибелерімен бөлісе отырып, қалалық, облыстық деңгейлерде жетістіктерге жеткен.

2021-2022 жылға №9 «Шапағат» бөбекжай- бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны бойынша жетістіктер туралы мәлімет

Аты - жөні	Жетістіктер
№9 «Шапағат» бөбек бақшасы	Диплом. Республикалық шығармашылық фестиваль байқауы 3-5 жас аралығында Театр жанры номинациясы бойынша «Глупый мышонок» ертегісі. Жетекшісі: Гибнер О.Б.
№9 «Шапағат» бөбек бақшасы	Диплом 1 орын. I Республикалық сайыс «Ғажайып жұлдыздар». Жетекшісі: Гибнер О.Б.
Айтжанова А.З.	Диплом 1 орын. I Республикалық шығармашылық байқауы «Ғажайып жұлдыздар»
Бастанова Майра Тураровна	Алғыс хат. «Халықаралық ғылыми тәжірибе» орталығының ұйымдастыруымен өткізілген балабақша бүлдіршіндері мен мектеп оқушылары арасындағы «Қысқы ертегі» атты сурет байқауына шәкірт дайындап, атсалысқаны үшін.
Зулкакова Назерке Сагидуловна	Диплом-«Данышпан» республикалық қашықтық байқаулар орталығының ұйымдастырумен өткен «Шуағын төккен көктем» атты шығармашылық байқауына жеңімпаздарды дайындағаны үшін.
Зулкакова Назерке Сагидуловна	. «Пони» Халықаралық байқауының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін сапалы дайындағаныңыз үшін Диплом -2021 -2022 оқу жылы.
Бирмагамбетова Улбала	Диплом .Білімқұмар балаларға арналған республикалық «Үркер» марафонының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін сапалы дайындағаны

Амангелдиевна	үшін .
Бирмагамбетова Улбала Амангелдиевна	Диплом-«Данышпан» республикалық қашықтық байқаулар орталығының ұйымдастырумен өткен «Шуағын төккен көктем » атты шығармашылық байқауына жеңімпаздарды дайындағаны үшін .
Омарова Дина Самидуловна	Диплом .Білімқұмар балаларға арналған республикалық «Үркер» марафонының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін сапалы дайындағаны үшін .
Кыдырашева Агиля Сансызбаевна	Диплом .Білімқұмар балаларға арналған республикалық «Үркер» марафонының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін сапалы дайындағаны үшін .
Кыдырашева Агиля Сансызбаевна	Диплом – III дәрежелі. ҚР Тұңғыш Президенті қоры сыйлығының иегері Qaztest.kz олимпиада ұйымдастыру комитеті мектепке дейінгі ұйым жас мамандарының кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында ұйымдастырған V Республикалық «Үздік жас маман » олимпиадасының жүлдегері.
Кыдырашева Агиля Сансызбаевна	Диплом – I дәрежелі BILIMTIME.RZ ұстаздарға арналған әдістемелік орталығы ұйымдастырған «Үздік педагог» қашықтық олимпиадасының жеңімпазы.
Кыдырашева Агиля Сансызбаевна	Құрмет грамотасы. «Қош келдің Алтын күз» атты республикалық байқауға шәкірттерін қатыстырып, өскелең ұрпақтың бойына дарындылық пен шеберлікті дамыту мақсатында қосқан үлесі үшін.
Тажибаева Нурия Мураткабуловна	Құрмет грамотасы. Білім беру саласында жас жеткіншектердің тәрбиесі мен кемел келешегіне ықпал етіп, сапалы білім, саналы тәрбие берудегі еңбегі үшін.
Тажибаева Нурия Мураткабуловна	Алғыс хат. «Балалар жылы қарсаңында MANGILIK EL JASTARY» қоғамдық қорының ұйымдастырумен өткізілген «Мейірімді тәрбиеші 2022» форумына қатысып, егемен еліміздің болашақ тұлғаларын тәрбиелеу жолындағы адал еңбегіңіз бен қажырлы қызметіңізге алғыс білдіреміз.
Тажибаева Нурия Мураткабуловна	«Мейірімді тәрбиеші -2022» медалі ұсынылды және куәлігі берілді. Қазақстан Республикасы «MANGILIK EL JASTARY» қоғамдық қоры.
Кыдырашева Агиля Сансызбаевна	Алғыс хат. Болашақ ұрпақтың білім мен тәрбиесінің дамуына үлес қосып, сапалы білім берумен қатар педагогикалық ізденіс жолындағы еңбегіңізді бағалап алғыс білдіреміз. ҚР Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі.
Тажибаева Нурия Мураткабуловна	Благодарственный письмо. Ежегодный международный открытый фестиваль – конкурс «BEST STAR'S XXII»
Тажибаева Нурия Мураткабуловна	Құрмет грамотасы. Республикалық «Өрлеу» ПШДО Нұр-Сұлтан Қаласы .

9) Жас педагогтармен жұмыс;

Мекемеде 2021-2022 оқу жылында жас маман – 1 тәрбиеші.

Жас маманмен жүргізілетін жұмыс жоспары құрылған және бекітілген. Жас маманға тәлімгерлер тағайындалған. Жас маманға тәлімгерлік ету барысында педагогтың психологиялық тұрғыда мінез-құлығын жарасымдылығы ескерілген. Жас маманға кеңестер беру, жаңа әдістемелік оқу құралдармен таныстыру, индикатор негізінде диагностика жүргізу жөнінде көмек жұмыстары тренингтер, кеңестер жүргізіліп, әдіскер тарапынан жас маманның ұйымдастырылған оқу қызметіне, іс-шараларына қатысу үздіксіз жүргізілген. Жас маман тарапынан өзара ұйымдастырылған оқу қызметіне қатысым дәптері бар. Жас маман тәжірибелі педагогтардың жұмыстарымен тәжірибе алмасу мақсатында танысады.

Бөбекжай-бақша әдіскері–Н.С.Зулкакова және тәрбиеші – Ұ.А.Бирмагамбетова жас маманды мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әдістеріне үйрету, шығармашылыққа жұмылдыру жұмыстары дәстүрлі ғана емес, инновациялық бағытта басшылыққа алынған. Жас педагогтардың жаңа технологияларды меңгеруін жетілдіру және жас мамандарға көмек көрсету жұмыстары белгіленген және жылдық жоспардағы міндеттердің толық орындалуын бақылау басшылыққа алынған.

Қорытынды:

№9 «Шапағат» бөбекжай- бақшасының оқу-әдістемелік қызметі: ҚР «Білім туралы» Заңы, ҚР Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құжаттары, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты; мектепке дейінгі білім беруді дамытудың тұжырымдамасы, бөбекжай- бақшасының Жарғысы, оқу жұмыс жоспары, оқу бағдарламалары, жылдық жоспарлар және даму бағдарламасы, ішкі еңбек тәртібі, ҚР Білім және ғылым министрлігінің, облыстық білім басқармасының, аудандық білім бөлімі нұсқаулықтары, бұйрықтары, үкімдері және т.б. құжаттары арқылы жүзеге асырылады.

2021-2022 оқу жылының оқу-тәрбие үрдісі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.10.2018ж. №604 бұйрығымен (05.05.2020ж. №182 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен толықтырулар) бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.12.2012ж. №557 бұйрық (12.05.2020ж.№195 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыру және ҚР Білім және ғылым министрлігі №391 22.06.16 ж. бұйрығының №1 қосымшасы 1 жастан 6 (7) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары, ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың

үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Бөбекжай- бақшада жас педагогтардың өз мамандығына деген қызығушылығын арттыру, кәсіби шеберліктерін дамыту мақсатында жас мамандармен тәлімгерлік жұмысты ұйымдастыру үздіксіз жоспарланған және нәтижелі жүргізілген.

Әдістемелік жұмыстарды жоспарлауда педагог мамандарының кәсіби біліктілігін арттыру жоспары бар және жүйеленген.

Жылдық жұмыс жоспарларының жасау принциптері сақталған, негізгі 7 бөлімнен тұрады. Жылдық жоспарда білім беру және тәрбие беру тапсырмаларының байланысын білім беру бағдарламаларының жүзеге асырылуының, отбасымен, мектеппен, қоғаммен бірлескен жұмыстарының мақсаты мен міндеттер бірлігін қамтыған.

Педагогикалық кеңес тақырыптарының мазмұны ақпараттық-коммуникативтік технологияларды интеграциялау арқылы оқу-тәрбие процесін жетілдіру, отбасымен байланыстағы интерактивтік жұмыс түрлерін ұйымдастыру мақсатында ашылған. Жылдық жоспарда оқу-тәрбие үрдісіне инновациялық технологияларды енгізу үздіксіз әр оқу жылдары бойы қамтылған

5.5. Оқу-тәрбиелік жұмыс

1) Тәрбиеленушілерге құқықтық тәрбие беру, білім беру ұйымында тәрбие жұмысын құқықтық әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету.

